

**«6D020900 – Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді. Атап айтқанда, «ҚР Жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысы) «Ғылым» жөніндегі 3-тарауының мақсаттарына сай келеді. Сонымен бірге, жұмыс Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған мәдени саясат тұжырымдамасының (ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №250 қаулысы) ғылыми-гуманитарлық білімді

			дамыту, халықаралық ғылыми кеңістікке ықпалдасу және ұлттық мәдениетті әлемдік контексте зерделеу міндеттерімен ұштасады. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021–2023 жылдарға арналған ғылымды дамылудың басым бағыттарының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар» бағытына толық сәйкес келеді. Ғылыми жұмыс ғылымның және білім берудің негізгі үрдістеріне сәйкес әзірленген.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыстың ғылымға қосатын елеулі үлесі бар, себебі диссертациялық зерттеу алғаш рет қытай әдебиетіндегі постмодернистік бағыттың жанрлық-стильдік ерекшеліктерін кешенді түрде қарастырып, оның көркемдік-эстетикалық ізденістері мен нарративтік стратегияларын терең талдайды. Зерттеу барысында постмодернистік прозаның интертекстуалдық байланыстары, бейнелеу тәсілдері мен идеялық-көркемдік ізденістері жүйелі түрде ашылған. Бұл ғылыми жұмыс қытай әдебиетінің соңғы кезеңдердегі даму заңдылықтарын айқындап

		қана қоймай, ұлттық әдебиеттің әлемдік кеңістіктегі орнын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Теориялық негіздері мен сараптамалық тұжырымдары қазақ әдебиеттануы, шығыстану, салыстырмалы әдебиеттану ғылымдары үшін бағалы үлес болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.
		Зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымының жүйелілігі, ғылыми тұжырымдардың қисынды өрбуі және дереккөздерді меңгеру деңгейі негізінде диссертацияның орындалу сапасы жоғары деп есептеледі. Автор зерттеу объектісін терең игеріп, ғылыми ой қорытындыларын дербес әрі дәйекті түрде жеткізген. Жұмыста академиялық адалдық қағидағары сақталған, плагиат немесе өзге еңбектерді орынсыз пайдалану фактілері анықталмады. Бұл диссертациялық зерттеу автордың жеке еңбегі ретінде ғылыми құндылығын айғақтайды.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.
		Қытай әдебиетінің XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап қалыптасқан жаңа бағыттары мен XXI ғасырдың басындағы даму үрдістері қазіргі әлемдік әдеби үдерістердің жалпы бітім-болымысымен өзара сабақтасып жатыр. Бұл кезең қытай

		прозасында идеялық, көркемдік және жанрлық ізденістердің жандануымен ерекшеленеді. Әдебиеттегі әлеуметтік трансформация, жазушылардың жаңа буынының пайда болуы, көркемдік ойдың жаңаша бағыт алуы – ғылыми тұрғыдан арнайы қарастыруды қажет ететін маңызды мәселелердің бірі. Осыған орай, диссертациялық жұмыста қытай прозасының көркемдік ерекшеліктері мен даму тенденцияларын жүйелі түрде талдау – әдебиеттану ғылымы үшін өзекті. Автор тақырыптың маңыздылығын қазіргі ғылыми парадигмаларға сүйене отырып негіздеген, сондықтан зерттеудің өзектілігі дәлелді деп бағаланады. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұндық бөлімдері қойылған тақырыптың ғылыми аясымен толық сәйкес келеді. Автор XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап ХХІ ғасырдың басына дейінгі қытай прозасындағы көркемдік ізденістерді, идеялық-көркемдік ерекшеліктерді және даму тенденцияларын жан-жақты талдап, негізгі ғылыми мәселелерді кеңінен қамтыған. Зерттеу міндеттері мен алынған нәтижелер өзара үйлесім
--	--	---	---

		тауып, тақырыптың мазмұнын тереңірек ашуға бағытталған. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың мазмұны оның ғылыми атауына толық сәйкес келеді деп сеніммен тұжырымдауға болады. Зерттеу жұмысының мақсаты нақты қойылып, XX ғасырдың 80-жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының көркемдік сипаты мен даму тенденцияларын зерделеуге бағытталған. Зерттеу міндеттері осы мақсатқа жүйелі түрде қол жеткізуге мүмкіндік беретін теориялық және қолданбалы кадамдарды кезең-кезеңімен нақтылап көрсетеді. Ол ізденістер диссертациялық жұмыстың құрылымымен, зерттеу логикасымен өзара тығыз байланыста өрбіген. Мақсат пен міндеттердің мазмұны қытай прозасына үлес қосқан жаңа буын өкілдерінің шығармашылық ізденістерін, жанрлық және стильдік ерекшеліктерін талдауға толық сәйкес келеді. Сонымен қатар міндеттердің нақтылығы жұмыстың ғылыми құндылығын арттырып, зерттеудің теориялық және практикалық маңызын айқындайды. Осыған орай, диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	

	тақырыппен толық үндесіп, жұмыстың мазмұндық негізін сенімді түрде дәлелдейді деп бағаланады.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдері мазмұндық-логикалық сабақтастықта құрылып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Жұмыстың жалпы құрылымы ғылыми талаптарға сай жүйеленіп, тақырыптың кезең-кезеңімен ашылуына, негізгі идеяның тұтас көрініс табуына мүмкіндік берген. Кіріспе бөлімде зерттеудің өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, нысаны мен пәні айқындалса, негізгі бөлімде XX ғасырдың 80-жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының идеялық-көркемдік ерекшеліктері мен даму тенденциялары кеңінен талданып, нақты мысалдармен әдіптелген.
1) толық байланысқан;	Қорытынды бөлімде зерттеу нәтижелері жинақталып, қойылған мақсат пен міндеттердің толық орындалғаны дәлелді түрде көрсетілген. Бөлімдер арасындағы мазмұндық бірлік, логикалық сабақтастық және ойдың жүйелі дамуы жұмыстың ғылыми деңгейін, құрылымдық біртұтастығын және
2) ішінара байланысқан;	
3) байланыс жоқ.	

		ішкі логикасының сақталғанын айқын көрсетеді. Осыған орай, диссертацияның барлық бөлімдері өзара үйлесімді байланысқан әрі ғылыми талаптарға толық сәйкес құрылған деп сеніммен айтуға болады.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық еңбекте қытай прозасының XX ғасырдың соңғы кезеңі мен XXI ғасыр басындағы даму бағыттарын айқындауда тың теориялық қағидағтар мен әдістемелер ұсынылған. Автордың жаңа көзқарастары нақты мысалдармен негізделіп, бұрыннан қалыптасқан ғылыми тұжырымдармен бірлікте қарастырылған. Осы арқылы зерттеу нәтижелерінің жанашылдығы ғана емес, олардың ғылыми дәстүрмен сабақтастығы да айқындалған.
	1) сыни талдау бар;	Жұмыстағы салыстырмалы талдау әдісі бұрыннан белгілі қағидаларды тек қайталап қана қоймай, оларды жаңаша пайымдауға, ғылыми тұрғыдан қайта бағамдауға мүмкіндік берген. Нәтижесінде автор ұсынған шешімдер тек теориялық тұрғыда емес, тәжірибелік тұрғыдан да дәлелденіп, зерттеудің сыни тұрғыдан жүргізілгенін көрсетеді.
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер мен ережелердің жаңашылдық сипаты айқын. Қазақстандық әдебиеттану ғылымында алғаш рет қытайдың қазіргі заманғы прозасы қазақ тілінде жүйелі түрде қарастырылып, Ян Лянкэ, Чунь Шу секілді отандық оқырманға беймәлім жаңа буын өкілдерінің шығармалары ғылыми айналымға енгізілген. Автор бұл жазушылардың көркемдік ізденістерін, стильдік ерекшеліктерін, әлеуметтік және мәдени контексттегі маңызын ашып көрсетеді. Сонымен қатар диссертацияда қытай әдебиетіне кейінгі онжылдықта енген тың бағыттар – неореализм, ғаламтор әдебиеті сияқты жаңа құбылыстар арнайы талданып, олардың жанрлық табиғаты мен даму тенденциялары анықталады. Бұған дейін қазақстандық әдебиеттану ғылымында жүйелі түрде зерттелмеген бұл әдеби ағымдар алғаш рет кешенді ғылыми пайымдауға алынған. Осыған орай, диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен ережелері толығымен жаңа болып саналады және қазіргі әдебиеттану
----	----------------------------	--	--

		ғылымына елеулі үлес қосады деп бағаланады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Докторанттың диссертациялық жұмысындағы қорытындылар мазмұны, теориялық жаңашылдығы және қолданбалы маңызы тұрғысынан толықтай жаңа ғылыми нәтижелер қатарында бағаланады. Автор алғаш рет XX ғасырдың 80–90 жылдарынан бастап XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасын кешенді түрде қарастырып, қазақстандық әдебиеттану ғылымында бұрын зерттелмеген жаңа бағыттарды ғылыми айналымға енгізген.
	1) толығымен жаңа;	
	2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		Зерттеу барысында: • қазіргі қытай прозасындағы постмодернизм, неореализм, Интернет-әдебиет секілді тың бағыттардың ерекшеліктері талданып, жанрлық-стильдік сипаты алғаш рет жүйелі түрде сараланады; • Ян Лянкэ, Чунь Шу, Хан Дун, Су Тон және басқа да жаңа буын жазушыларының шығармашылығы сипатталып, олардың көркемдік ізденістері

		ғылыми тұрғыдан бағаланады; • 1990 жылдардағы қытай әдебиетінің әлеуметтік-мәдени контексті ауқымды түрде қарастырылып, Қазақстандағы қытайтануда үстірт қозғалған мәселелер тереңірек талданады; • қазіргі әдеби процесегі жаңа тақырыптар – жеке тұлғаның ішкі әлемі, әйел жазушылардың шығармаларының ерекшеліктері, әлеуметтік институттан тыс тұлғаның бейнесі ғылыми айналымға енгізіледі. Сонымен қатар зерртеуде ұсынылған тұжырымдар бұрынғы ғылыми қағидаттарды жаңа қырынан толықтырып, қытай әдебиетінің соңғы онжылдықтағы даму үдерістерін жүйелі бағалауға мүмкіндік береді. Осы себепті диссертация қорытындылары ғылыми тұрғыдан жаңаша көзқарас пен дербес авторлық ізденістің нәтижесі ретінде толық негізделген.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық сипаты немесе басқару шешімдері жаңаша және негізделген бе? 1) толығымен жаңа;	Әсел Бисенбаеваның диссертациялық жұмысында тікелей техникалық немесе технологиялық шешімдер

		ұсынылмағанымен, зерттеу нәтижелері гуманитарлық ғылымдардағы басқарушылық сипат және мәдени саясат тұрғысынан маңызды практикалық мәнге ие. Диссертант XX ғасырдың 80–90 жылдарынан бастап XXI ғасырдың басындағы қытай прозасының даму бағыттарын талдау арқылы жаңа буын өкілдерін ғылыми айналымға енгізіп, олардың көркемдік ізденістерін кешенді түрде сипаттады. Бұл қорытындыларды мәдени саясатта, әдебиет пен өнерді дамытуға бағытталған бағдарламаларда, сондай-ақ гуманитарлық білім беру саласында пайдалануға болады. Жаңа әдеби бағыттарды талдау ұлттық әдеби үдерістерді зерттеу әдіснамасын жаңғыртуға, әдебиет пен мәдениетаралық байланыстарды дамытуға, қазіргі әдеби процестерді түсіндіруде ғылыми-тәжірибелік негіз ретінде қолдануға мүмкіндік береді. Осыған байланысты диссертацияда ұсынылған тұжырымдар тікелей техникалық шешімдер болмағанымен, мәдениеттану, әдебиеттану және қоғамдық-гуманитарлық саясатты жетілдіру
2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);		
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		

			тұрғысынан жанама басқарушылық және мәдени бағдарлық шешімдерге негіз бола алады. Сондықтан диссертациялық жұмыстың қорытындылары ішінара жаңа әрі практикалық тұрғыдан құнды деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) әрі өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Әсел Бисенбаеваның диссертациялық жұмысының негізгі қорытындылары гуманитарлық ғылымдарға тән сапалық (qualitative research) әдістерге сүйене отырып, жан-жақты дәлелденген. Зерттеуде XX ғасырдың 80–90 жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының даму кезеңдері кеңінен қамтылып, постмодернизм, неореализм, Интернет-әдебиет сияқты жаңа бағыттардың теориялық негіздері нақтыланады. Автор қытай әдебиетінің әр кезеңін нақты мысалдармен, белгілі жазушылардың шығармаларын талдау арқылы дәйектеп, олардың поэтикалық ізденістерін ғылыми тұрғыдан айқындаған. Бұған қоса, 90-жылдар прозасына тән индивидуализм, тұлғаның әлеуметтік институттан тыс сипатталуы, әйел жазушылардың шығармашылық ерекшеліктері ауқымды түрде қарастырылып, салыстырмалы талдаулар жасалады.

	7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жана ма? 1) иә; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең	Сондықтан диссертациядағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан нақты дәйектермен, теориялық қисындармен және ауқымды әдеби материалдарды қамтуымен ерекшеленеді деп сенімді түрде тұжырымдауға болады. 7.1 Ғылыми жұмыста қағидағтар дәлелденген. 7.2 Ғылыми жұмыста қағидағтар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жұмыста қағидағтар жаңа. 7.4 Ғылыми жұмыстағы қағидағтардың қолданылу деңгейі кең ауқымды. 7.5 Ғылыми жұмыстағы қағидағтар он мақалада дәлелденген. Соның ішінде, бір мақала Scopus ғылыми дерекқоры базасына кіретін басылымда, төрт мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда, бес мақала халықаралық ғылыми
--	--	---	--

		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ.	конференциялардың материалдарында жарияланған. Зерттеу барысында пайдаланылған дереккөздер – XX ғасырдың 80-жылдарынан XXI ғасырдың басына дейінгі қытай прозасының көрнекті өкілдерінің (Үй Хуа, Гэ Фэй, Сунь Ганлу, Су Тун, Ян Лянкэ, Чунь Шу, Лю Чжэньюнь, Чжу Вэн және т.б.) шығармалары, мерзімді басылымдардағы мақалалар, интернет материалдары, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері – ғылыми тұрғыдан сенімді әрі дәйекті сипатқа ие. Бұл дереккөздердің мазмұндық ауқымы мен жанрлық әртүрлілігі диссертация нәтижелерінің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Әдіснамалық тұрғыдан зерттеуде тарихи-диалектикалық, салыстырмалы, объективті-аналитикалық, сондай-ақ философия, психология және әдебиеттану ғылымдарының теориялық қағидалары басшылыққа алынған. Әдістердің мұндай
8.	Дәйектілік қағидаты Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі		

		үйлесімі зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келіп, алынған нәтижелердің дәлелділігін күшейткен. Осыған орай, диссертацияда қолданылған дереккөздер мен әдіснамалық негіздер толықтай дәйекті әрі ғылыми тұрғыдан негізделген деп бағаланады.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ.	Иә, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің әдістеріне сәйкес өңделіп, интерпретацияланған. Бұл зерттеудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Гуманитарлық ғылым салалары үшін зерттеу нәтижесі дереккөз ретінде құндылыққа ие. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған «Әлем әдебиеті», «Қазіргі заман кытай әдебиеті», «Фольклор» атты тандау курстарында, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Докторант зерттеу барысында мүмкіндігінше қытай прозасының даму тарихы, қалыптасуы, өзгеріске ұшырауы жөнінде сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Зерттеу барысында қытай прозасының XX–XXI ғасырлардағы жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сипаттайтын сенімді дереккөздер – отандық және шетелдік әдебиеттанушылардың еңбектері, қытай, орыс және ағылшын тілдеріндегі монографиялар мен ғылыми мақалалар, сонымен қатар қытай жазушыларының көркем шығармалары кеңінен қамтылады. Маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер беру арқылы расталып, теориялық тұжырымдар берік негізделеді. Әдеби шолу мазмұны теориялық ұстанымдармен үйлесімді жүргізіліп, алынған нәтижелердің дәлелділігі қамтамасыз етіледі. Сондықтан диссертациядағы әдеби шолу мен пайдаланылған дереккөздер ғылыми

9	Практикалық құндылық қағидаты		тұрғыдан жеткілікті әрі сенімді деп бағаланады.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу барысында XX–XXI ғасырлар тоғысындағы қытай прозасының жанрлық, стильдік және идеялық ерекшеліктері кешенді түрде талданып, қазіргі әдеби бағыттардың даму заңдылықтары айқындалады. Жұмыста постмодернизм, авангард және «жана буынға» жататын қаламгерлердің шығармалары жүйелі қарастырылып, олардың қытай әдебиетінің дамуындағы орны теориялық тұрғыдан негізделеді. Зерттеу нәтижесінде әдеби процестің ішкі заңдылықтарын сипаттайтын жаңа теориялық тұжырымдар ұсынылып, қытай прозасын талдаудағы әдіснамалық тәсілдер (салыстырмалы, құрылымдық, дискурсивті талдау) кеңейтіледі. Бұл тұжырымдар қазіргі әдебиеттанудағы қытай прозасын зерттеу теориясын толықтырып, отандық әдебиеттану ғылымында жаңа бағыттар қалыптастыруға ықпал етеді. Осыған орай диссертацияда алынған нәтижелердің теориялық маңызы зор, себебі олар қытай әдебиеті туралы ғылыми түсінікті

		тереңдетіп қана қоймай, жалпы посткеңестік және әлемдік әдебиеттануда қолдануға болатын әдіснамалық үлгілер ұсынады.
9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:		Жұмыстың практикалық мәні оның нәтижелерін ғылыми-зерттеу мен білім беру тәжірибесінде тиімді қолдануға болатындығында. Автор қарастырған заманауи қытай прозасының даму тенденциялары отандық қытайтану ғылымына жаңа деректер ұсынып, қытай қоғамы мен мәдениетін тереңірек түсіндіруге септігін тигізеді. Бұл мәліметтер университеттік оқу бағдарламаларын толықтыруға, арнайы курстар мен семинарларда талдау материалы ретінде пайдалануға жарамды.
1) иә;		Сонымен қатар диссертация қорытындылары аударма саласы мен әдебиетаралық байланыстарды дамытуға қомақты үлес қосады.
2) жоқ.		Әсіресе Ян Лянкэ, Чунь Шу сияқты авторлардың Қазақстанда әлі зерттеле қоймаған шығармаларының талдануы болашақта көркем аударма мен салыстырмалы әдебиет бағытындағы зерттеулерде нақты қолданыс табары анық. Сондықтан да алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы

		айқын, ал оларды қолдану аясы білім беру саласымен ғана шектелмей, мәдениетаралық коммуникация мен халықаралық ғылыми байланыстарды дамытуға септігін тигізбек.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Әсел Бисенбаеваның
	1) толығымен жаңа;	диссертациялық жұмысында
	2) ішінара жаңа (25–75% жаңа);	жасалған практикалық ұсыныстар
	3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	мазмұны мен қолданылу аясы тұрғысынан жаңа сипатқа ие. Біріншіден, Қазақстанда бұрын ғылыми айналымға енген қазіргі замандағы қытай прозасының өкілдері – Ян Лянкэ, Чунь Шу, Хан Дун, Су Тун, тағы да басқа жазушылардың шығармашылығы оқу процесінен орын алмақ. Екіншіден, әдеби бағыттардағы жаңа құбылыстар – неореализм, Интернет-әдебиет, постмодернистік ізденістер – жоғары оқу орындарында арнайы курстар мен семинарларда пайдалануға болатын тың материалдар ретінде ұсынылады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелерін аударма ісінде қолдану, салыстырмалы әдебиет пен мәдениетаралық коммуникация саласында пайдалану жолдары нақтыланады. Мұндай ұсыныстар Қазақстандағы әдебиеттану мен

		қытайтану ғылымының практикалық дамуына үлес қосып, жаңа бағыттар ашуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты диссертацияда дайындалған практикалық ұсыныстар жаңаша сипатқа ие, мазмұны мен қолдану аясы бұрын қарастырылмаған деп бағаланады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу деңгейі талапқа сай орындалған. Мәтін ғылыми стильде жазылған, артық эмоциялық бояулардан ада, тұжырымдар нақты әрі түсінікті баяндалған. Автор өз ойын түрлі дәлел-дәйектермен бекітіп, әдебиеттерге сілтемелерді дұрыс рәсімдеген. Жұмыстың тілі жатық, құрылымы айқын болғандықтан, оның академиялық сапасы жоғары деп айтуға негіз бар. Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен
11.	Диссертацияға ескертулер	1. Диссертацияның үшінші тарауының 3.4-тармағында докторант неореализм бағытына жағатын шығармаларды талдағанымен, осы ағым өкілдеріне жағатын жазушылардың шығармашылық ерекшеліктері мен өмірбаяндық деректеріне аз тоқталған. Бұл жазушылар туралы қосымша мәлімет берілсе,

		талдаудың ғылыми тереңдігі арта түсер еді. 2.Жаңа замандағы қытай жазушыларының шығармашылығын қазіргі қазақ жазушыларының еңбектерімен салыстыра қарастыру жұмыстың теориялық және практикалық маңызын күшейтіп, әдебиетаралық үндестікті айқындауға мүмкіндік берер еді. 3.Диссертацияның тақырыптық ауқымы өте кең. Әрбір тараудың өзі дербес зерттеу нысаны бола алатындай деңгейде. Сондықтан болашақ зерттеулерде күрделі мәселелерді белгілі бір кезендерге немесе нақты бір әдеби бағыт төңірегіне шоғырландыру жұмыстың салмағын арттырып, ғылыми нәтижелердің айқындығын қамтамасыз етері сөзсіз.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» атты диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Шығыстану факультеті Қытайтану кафедрасының 2024 жылғы отырысында талқыланып, оң

		бағасын алған. Зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланып, ғылыми қауымдастық тарапынан қолдау тапқан. Диссертация тақырыбы бойынша жалпы алғанда 10 ғылыми мақала жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала – халықаралық беделді Scopus дерекқорына енген шетелдік ғылыми журналда (Integration of Education, Q1), 4 мақала – ҚР ҒЖБМ Ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда, 5 мақала – халықаралық конференция материалдарында жарияланған. Сонымен қатар докторант ғылыми жетекшісімен бірге «Қазіргі заман қытай әдебиеті» атты екі бөлімнен тұратын оқулық басып шығарған. Жалпы, жарияланған мақалалар диссертациялық жұмыстың ғылыми мазмұнын, құрылымдық жүйелілігін, жаңашылдығы мен практикалық маңызын толық ашып көрсетеді. Мақалалардағы тұжырымдар зерттеу нәтижелерімен логикалық сабақтастықта берілген және PhD дәрежесіне қойылатын талаптарға толық сай келеді деп бағаланған.
--	--	--

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	6D020900 – Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының «Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі әдебиеттану, әлем әдебиеті және шығыстану ғылымдарының талаптарына сай келетін, ғылыми жаңалығы мен теориялық негізі бар мазмұнды зерттеу болып саналады. Диссертациялық жұмыста қазіргі замандағы қытай прозасы терең талданып, қытайдың көптеген жаңа авторлары зерттелген. Докторант өз тұжырымдарын нақты тілдік материалдар мен ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып дәлелдей алған. Жұмыс құрылымы, зерттеу әдіснамасы мен мазмұндық тереңдігі, сондай-ақ алынған нәтижелердің практикалық қолдану аясы (әдебиетті оқыту, мәдениетаралық коммуникация, аударма, т.б.) бұл зерттеудің шығыстану мамандығына сай жоғары деңгейде орындалғанын көрсетті.
-----	---	---

		Бисенбаева Әсел Пазылбекқызының аталған диссертациялық жұмысы мазмұны мен ғылыми деңгейі тұрғысынан 6D020900 – Шығыстану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.
--	--	--


Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы



К. Т. Жанұзақова